

2009 жылға жекеленген қызмет түрлеріне белгіленген жиынтық салық бағаларының мөлшерін және бір жолғы талондар құнын тағайындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 10 сессиясының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 198 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қаңтарда N 8-7-76 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 21 сессиясының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 371 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 21 сессиясының 2009.12.22 N 371 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексіне (Салық кодексі)", Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Бюджетке төленетін салықтар және басқа міндетті төлемдер туралы Кодексіне (Салық кодексі)", Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының "Бюджетке төленетін салықтар және басқа міндетті төлемдер туралы Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңына сәйкес, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы, N 1016 "Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғарғы базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" қаулысы негізінде, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Саран қаласы мен Ақтас кенті базарларында ауық-ауық сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің кейбір түрлеріне, қоса беріліп отырған 1, 2 қосымшаға сәйкес, бір жолғы талондар құнын тағайындалсын.

2. Саран қаласы мен Ақтас кентіндегі салық төлейтін объектілерден жиынтық салық бағаларының мөлшері, 3 қосымшаға сәйкес тағайындалсын.

3. Осы шешімнің қабылдануына байланысты, Саран қалалық мәслихатының 2007 жылғы 19 желтоқсандағы "2008 жылға жекеленген қызмет түрлеріне белгіленген жиынтық салық бағаларының мөлшерін және бір жолғы талондар құнын тағайындау туралы" N 64 шешімінің күші жойылды деп танылсын, (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-7-58, " Ваша газета" газетінде 2008 жылы 29 наурызда N 13 жарияланған).

4. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң, ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Е. Туркавский
Р. Бекбанов

С а р а н қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
1 0 с е с с и я с ы н ы ң N 1 9 8 ш е ш і м і н е
1 қосымша

Ауық-ауық сипатта қызмет жасайтын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құны (тұрақты жайлардағы қызметтен басқа)*

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Саран қаласының мәслихатының 2009.02.26 N 227 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) шешімімен.

№	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Айлық есептік көрсеткіштен пайыздық құны
1.	Бақша өнімдерін сату	13
2.	Газеттер мен журналдарды сату	9
3.	Үй маңында, саяжайларда өсірілген гүлдерді сату	12
4.	Қосалқы ауыл шаруашылық, бау-бақша, саяжайда өндірілген өнімдерді, жануарлар мен құстарға жемдерді, сыпырғыштарды, орман жидектерін, саңырауқұлақ, балықтар, бал сату.	6
5.	Тұқымдарды, сондай ақ көшет материалдарын сату	12
6.	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлары және басқа ауыл шаруашылық техникасы бар адамдардың қызметі	24

*Ауық-ауық сипатта қызмет жасайтын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құнының (тұрақты жайлардағы қызметтен басқа) жиынтық салық бағаларының бірдей мөлшері салық салу объектісіне бір күнге белгіленген.

С а р а н қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
1 0 с е с с и я с ы н ы ң N 1 9 8 ш е ш і м і н е
2 қосымша

Ауық-ауық сипатта қызмет жасайтын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құны (тұрақты жайлардағы қызметтен басқа)*

Базардың атауы	Сауда орнының түрі	Шаршы метр ауданы	Айлық есептік көрсеткіштен пайыздық жинау ставкасы
Саран қаласы мен Ақтас кентінің базарлары			
	Өндіріс тауарларын сату үстелдері	3,2	4
	Азық-түлік тауарларын сату үстелдері	2,8	2,0

